

Ұлттық аэроғарыш агенттігіне қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 11 қыркүйек N 428-ө

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігіне "Алматы Аэропейс-96" халықаралық авиация-ғарыш көрмесін өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 қаңтардағы N 50 қаулысына сәйкес ұйымдастыру шараларын өткізу үшін 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша төлеуді ескере отырып, оны 1996 жылдың 1 қазанынан кешіктірмей өтеу шартымен 2 (екі) млн. теңге бюджеттік несие бөлінсін.

Премьер-Министр